

“Саяхатқа екі билет! Кобрендті NOMAD CLUB картасымен төле де AIR ASTANA-ның ұпайларын ұтып ал” акциясының ережелері

Акцияны ұйымдастырушы

«Саяхатқа екі билет! Кобрендті NOMAD CLUB картасымен төле де AIR ASTANA-ның ұпайларын ұтып ал» акциясын («Акция») «Альфа-Банк» ЕБ АҚ («Банк») «Air Astana» АҚ-мен (бұдан әрі - Серіктес) бірге «01» желтоқсан 2021 ж. «28» ақпан 2022 ж. дейін (соңғы күнді қоса) Қазақстан Республикасының барлық аймағында өткізеді.

Акцияға кім қатыса алады?

Акцияға Nomad CLUB картасының ко-брендін ұстаушы жеке тұлғалар қатысады. Банк және Серіктес қызметкерлері, Банкпен және Серіктеспен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар акцияға қатыспайды.

Акцияға қалай қатысуға болады?

1. Акцияның бүкіл кезеңінде акция кезеңінде қолданыста болған немесе жаңадан ашылған NOMAD CLUB карточкасы бойынша әрқайсысы 10 000 теңгеден кем емес сомаға кемінде 30 сауда жаса!
2. Ұтысқа автоматты түрде қатысушы бол!

Акция жүлдесі

Акция талаптарына сәйкес әрекет жасаған акцияға қатысушылар ұтыс ойынына қатысады, онда акция жеңімпазына 240 000 NOMAD бонустық ұпайын сатып алу үшін 1 048 320 теңге мөлшерінде жоғарылатылған Cashback беріледі, соның есебінен Акция жеңімпазына билеттерді сатып алу кезінде Covid-19 бойынша ДДСО ережелеріне сәйкес жабылмаған Еуропа, Мальдив, Түркия, Египет, БАЭ бағыттары бойынша 1, 2 аймақтан (Алматы, Нұрсұлтан, Ақтау, Атырау) кез келген бағыттар бойынша екі жаққа қарай 2 билет сатып алу мүмкіндігі ұсынылады. Акция аясында бір жүлде ойнатылады.

Жүлдені алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

Ережеге сәйкес Банк/Серіктес жүлдені басқа қаражатпен (тауарлармен / қызметтермен және т.б.), оның ішінде Акция жеңімпазы жүлдені алу құқығын жоғалтқан жағдайда өтемейді.

Акция жеңімпазын анықтау тәртібі

Акцияның Жеңімпазы 2022 жылдың 15 наурызында өтетін ұтыс ойынының тиражын өткізу арқылы анықталады.

Тиражды Банк Акция талаптарына сәйкес әрекет жасаған Акцияға қатысушылар арасында, Акцияға қатысушының жасырын ұялы телефон нөмірі бойынша кездейсоқ таңдау әдісін қолдана, тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, Youtube каналында тікелей эфирде комиссияның қатысуымен өткізеді.

Банк Комиссия құрамын Банктің ішкі құжаттарына сәйкес белгілейді. Комиссияның шешімі Акцияға қатысушылар, Серіктес және Банк үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

Акция жеңімпазын Банк ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, Банктің қолындағы телефон нөмірі бойынша хабардар етеді.

Жүлдені алу тәртібі мен мерзімі

Cashback төлеуді Банк Cashback төлеу күнінде шотта орындалмаған талаптар немесе алынбаған актілер/ мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою жөніндегі шешімдер/ салынған тыйымдар болмаған жағдайда, ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Акция Жеңімпазы жүлдені алудан бас тартқан, Акция жеңімпазымен байланыс болмаған (телефон нөмірі дұрыс емес, телефон өшірілген/аймақтан тыс болған жағдайда және т.б.), ко-бренд шотында NOMAD CLUB картасының орындалмаған талаптары немесе ақшаға билік ету құқығын шектейтін алынбаған актілері/шешімдері болған, Ережеге сәйкес Банкке келісім бермеген жағдайда, Акция Жеңімпазы жүлдені алу құқығынан айырылады және Жүлдені алу құқығы Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен айқындалған Акцияның қосалқы жеңімпаздарына өтеді. Көрсетілген жағдайларда, Банк Акция жеңімпазының жүлдені алу құқығын жоғалтқаны үшін жауапты болмайды.

Банк Акция талаптарына Акцияның бастапқы талаптарын нашарлатпайтын өзгерістер енгізу, сондай-ақ Банктің ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Акцияны өткізуді мерзімінен бұрын тоқтату (күшін жою), тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады <https://alfabank.kz/>

Банк Акцияны өткізу туралы ақпаратты, Акция талаптарын, Акция ережелерін Банктің ресми сайтында орналастыру арқылы Акцияға қатысушы бола алатын/болып табылатын тұлғалардың назарына жеткізеді <https://alfabank.kz/>

Акцияның міндетті талабы БАҚ-та акция жеңімпазы туралы ақпаратты жариялау болып табылатындықтан, жүлдені алу шарты – дербес (биометриялық) деректерді жинауға, өңдеуге, беруге (соның ішінде трансшекаралық); жеке бейнені пайдалануға; банк құпиясын ашуға (қатысушы Банктің клиенті болып табылатыны туралы ақпарат) келісім беру болып табылады.

Акция жеңімпазының ұшуға/жол жүруге, тұруға, көлік шығыстарына, кіру және жол жүру үшін қажетті өзге де құжаттарды алуға байланысты барлық шығыстарын Акция жеңімпазының өзі төлейді. Банк пен Серіктес сапардың бүкіл мерзімі ішінде акция жеңімпазының және оған еріп жүретін тұлғаның денсаулығына (өміріне)/мүлкіне келтірілген кез келген залал үшін жауапты болмайды.